Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

2018 жылғы «02» шілде № 104

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі қарай-Департамент)*

(Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның атауы)

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі қарай- Заң) 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашасындағы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының (бұдан әрі қарай-Қағида) 11-тармағына сәйкес 2018 жылғы « » шілдесінде №2606553-1 «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатындар және босатылғандарды, сонымен қатар пробация қызметінде есепте тұрғандарды қайта әлеуметтендіру және қайта оңалту орталығының жұмысын ұйымдастыру қызметін» мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі (БСН: 920740000086, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі №47) хабардар етеді:

(мемлекеттік аудит объектісінің атауы, орналасқан жері, БСН)

Заңның 31-бабы 2-тармағына сәйкес, Сізге осы хабарламаны оны берген күннен (алғаннан) кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындау қажет.

Мынадай жағдайларда камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалды деп танылады:

- келіскен жағдайда-Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес хабарлама жіберген Департаментке қағаз немесе электрондық тасығышта бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты және қажет болған жағдайда растайтын құжаттарды міндетті түрде ұсына отырып, хабарламада көрсетілген бұзушылықтарды жою;

- келіспеген жағдайда – мемлекеттік аудит объектісінің Заңның 37-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес хабарламаны жіберген Комитеттің аумақтық бөлімшесін бір мезгілде хабардар ете отырып, Комитетке хабарлама берілген (алған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес қарсылық жіберуге құқылы.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау, мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен қазынашылық органдарда ашық шоттары бойынша, Заңның 32-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектілерінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға, сондай-ақ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабының 3-бөлігіне сәйкес лауазымды тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғады.

Заңның 60-бабына сәйкес мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы бар қосымша 1 парақта.

Қызылорда облысы бойынша
ішкі мемлекеттік аудит
департаментінің басшысы _____ **Ғ. Қалиев**
(қолы)

Хабарламаны алдым_____
(мемлекеттік аудит объектісі өкілінің тегі, аты, әкесінің аты \(бар болған жағдайда), қолы, күні)

Хабарламаға №1 қосымша
2018 жыл 02 шілде

Камералдық бақылау жүргізу барысында «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі №2606553-1 «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатындар және босатылғандарды, сонымен қатар пробация қызметінде есепте тұрғандарды қайта әлеуметтендіру және қайта оңалту орталығының жұмысын ұйымдастыру қызметі» бойынша **6 515 000 теңгеге** сатып алуға жарияланған электрондық конкурсы бойынша келесі бұзушылықтар анықталды:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының *(әрі қарай-Қағида)* 223 тармағына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы заңнаманың талаптарын ескере отырып, жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, Қағиданың 224 және 225 тармақтарына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың конкурстарына Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" 2005 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 5-бабымен көзделген бағытта қызметін жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдар жарғысына сәйкес қатысады.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алулар кезінде әлеуетті өнім берушілерге келесі біліктілік талаптары қолданылмайды:

1) төлем қабілеттілігінің болуы;

2) шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық ресурстарының болуы.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген талаптар бір қаржы жылынан асатын мерзімге мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуларға қатысушы әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды.

Қағиданың 233 тармағына сәйкес ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:

1) әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі талаптарына сәйкестігі;

2) әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының Тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі (құрылтай құжаттарына сәйкес);

3) Егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар атауы және нысаны, өткізу орны мен мерзімі);

4) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтері;

5) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;

6) жобаны іске асыру тиімді қорытындысын бағалау индикаторларының бар болуы.

Осы тармақтың 1) - 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептеледі.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы №38 «Пробация туралы» Заңының 16 бабына сәйкес пенитенциарлық пробация қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жүрген сотталған адамға қатысты қолданылады. Сотталған адамды әлеуметке қосу Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасының талаптарына сәйкес оның қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемесіне келген кезінен бастап жүзеге асырылады. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жүрген, жаза мерзімін өтеуге дейін бір жыл қалған сотталған адамға қатысты әлеуметке қосуды пробация қызметі қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемесінің әкімшілігімен бірлесіп әлеуметтік-құқықтық көмек

көрсету нысанында жүзеге асырады және әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасын пробация қызметі қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемесінің әкімшілігімен бірлесіп жасайды және іске асырады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №234 «Қылмыстық-атқару» Кодексінің 19 бабына сәйкес пробациялық бақылау бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталған, шартты түрде сотталған және бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға қатысты жүзеге асырылады.

Пробациялық бақылаудың ұзақтығы сот үкімімен немесе қаулысымен айқындалады.

Конкурстық комиссия тарапынан 2018 жылдың 13 мамырында қорытындылар туралы хаттамада әлеуетті өнім беруші «Қызылорда Облыстық тұтынушылардың құқығын қорғау қоғамы» қоғамдық бірлестігінің қызмет мақсаты Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне сәйкес келмейді деген негіздемемен конкурсқа жіберілмеген.

Атап айтқанда, тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуеттік өнім берушінің ұсынатын жобасының сәйкес келуіне 1 балл;

Тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметке әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының сәйкестігі (құрылтайшы құжаттарға сәйкес) 0 балл;

Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізу орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі) 0 балл;

Әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер үшін 2 балл;

Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы (бір өлшемшарт ғана алынады) 5 балл;

Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы 1 балл, жалпы 9 балл берілген.

Камералдық бақылау барысында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қызылорда облысының әділет департаменті» мемлекеттік мекемесі 2016 жылғы 6 сәуірдегі №5-7/ЗТ-30 санды хатында әлеуетті өнім беруші «Қызылорда Облыстық тұтынушылардың құқығын қорғау қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Жарғысының 2.2 тармағына «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатындар және босатылғандарды қайта әлеуметтендіру және қайта оңалту» мазмұндағы толықтырулар енгізілгендігі туралы көрсетілген.

Сонымен қатар, осы әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамасының техникалық ерекшелігіндегі қызметтің техникалық сипаттамасында қызмет көрсету бойынша жұмыстардың құрамы «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатындар және босатылғандардың, сонымен қатар пробация қызметінің есебінде тұрғандардың өміріне қатысуға қоғамдық және мемлекеттік ресурстарды тарту, жоғалтқан әлеуметтік-қажетті байланыстарды қалпына келтіру, олар тарапынан қылмыстың қайталануын алдын-алу, олардың мәселелерін шешуге қажет қызмет түрін айқындау, қайта әлеуметтендіру және қайта оңалту орталығы бастамасы арқылы және өтініш білдіру фактісі бойынша қызмет көрсету сияқты түрлері айқындалған.

Осыған орай, «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі №2606553-1 «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатындар және босатылғандарды, сонымен қатар пробация қызметінде есепте тұрғандарды қайта әлеуметтендіру және қайта оңалту орталығының жұмысын ұйымдастыру қызметі» мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізіндегі қызмет Қазақстан Республикасының заннамаларына сәйкес ұйымдастырылуы тиіс.

02.07.18